

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 521 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 225 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 6, 58-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінде:

466-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"466. Ағымдағы мақсатты трансферттер және мақсатты даму трансферттері бойынша жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің қаржыландыру жоспарлары төмен тұрған бюджеттердің тиісті қаржыландыру жоспарларына сәйкес келмеген кезде қазынашылық органдары трансферттерді аударуды жүргізбейді.

Мақсатты трансферттер бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеп деректерінде алшақтық болған жағдайда бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті бақылау объектісінде есеп деректерінің растығын тексеру үшін ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті органға материалдарды береді".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*